Ақтөбе қаласының білім бөлімі

ЖШС «Растишка» балабақшасы

ЖШС «Растишка» балабақшасының

өзін-өзі бағалау қорытындысы

Ақтөбе -2023ж

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ЖШС «Растишка» балабақшасының өзін-өзі бағалау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе қаласы 01 наурыз 2023 жыл

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №31053 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық негізінде ЖШС «Растишка» балабақшасында өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемелекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ЖШС «Растишка» балабақшасы. Типтік үлгідегі екі қабатты жаңа ғимарат. Сыйымдылығы 141 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Л.Н.Толстого көшесі 45а үй, бойынша орналасқан.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: **87077116064**, электронды поштасы **rastishka7780@mail.ru, сайты: http://rastishka-sad.kz**

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: 2018 жылдың 03 шілде айында тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімімен берілген, БСН- 161140005414, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 13.07.2018 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2018 жылғы 03 шілдедегі №KZ27RVK00014260 берілген хабарлама.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес ЖШС «Растишка» балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:
-ҚР «Білім туралы» Заңына;
-Жарғысына;
-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
-Оқу жұмыс жоспарына;
-Ішкі тәртіп ережелеріне;
-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады. Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақшасы сыйымдылығы 141 орын, 5 топ. Казіргі таңда 141 бала тәрбиеленуде. 3-6 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті **Balabagsha.akt.kz** сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі. Балабақша балаларды қабылдау мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. ЖШС «Растишка» балабақшасында жылдық жоспар оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай. Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген . Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдылары («дене шынықтыру», «таным», «шығармашылық», «әлеумет», «коммуникция») ескере отырып құрылған.

Балабақшада тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.
2022 - 2023 оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына/2020 жылға 24 қыркүйегіндегі №412 бұйрығын өзгерістер еенгізу туралы,/ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын№ / Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдардламасына / Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркелу тізімінде №14235 болып тіркелген / бұдан әрі-Үлгілік оқу бағдарламасы/ сәкес жүзеге асырылады/ Оқу жылының ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ.

Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс вариативтік компонентіне бағдарлама құрастырды.



Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

ЖШС «Растишка» балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Балабақша әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада дене тәрбиесі, музыка залы ,сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Балабақшада медициналық бөлме жұмыс жасайды. Медициналық бөлме,асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Балалардың денсаулығын сақтау, аурушаңдықтың алдын алу, сауықтыру жұмыстары жүргізу, балалардың медициналық бақылау жұмыстарын балабақша медбикесі жүргізеді. Сонымен қатар балалардың өмірін қорғап, жан-жақты толыққанды дамыту және денсаулығын нығайту, тіршілік әрекетінде қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырып, салауатты өмір салтына баулу.. Балалардың денсаулығын сақтау және жақсарту, олардың арасында сырқаттанушылықты төмендету бойынша іс-шаралар жыл сайын жоспарланып орындалады. Медициналық кабинет санитарлық ережелерге сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген:

- Медициналық шкаф - 2;
- Жылжымалы кварц -2;
- Бой өлшегіш- 1;

- Салмақ өлшейтін таразы -1;
- Тонометр -1;
- Емдеу столы – 2;
- Кушетка- 1;
- Термоконтейнер- 1;
- Бесконтактный термометр -2;
- Тоңазытқыш – 1;
-Ширма -1;
- Қабырға кварцы -1;
- Жазу үстелдері- 1;
- Құжаттар салуға арналған шкаф- 1.

Балалардың күнделікті құнарлы да, сапалы тағамдармен тамақтандыруды ұйымдастыру балабақшаның ем-дәмбикесінің бақылауымен жүргізіледі.





Медициналық кабинет

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 2 принтер, 2 сканер, 2 ксерокөшірме, 1 ламинат аппараты, 1 переплет аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, керует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім дағдысы бойынша безендірілген





Балалардың денсаулығын дамыту бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне,баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы,доптар,атрибуттар,табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар. Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп,жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.





«Қатынас» білім дағдысы бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген.





Балалардың «Таным » білім дағдысы бойынша:

Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (мозайка, домино, құрастырулар, пазл түрлері,геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар) жабдықталған.





«Шығармашылық» білім дағдысы бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып,бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспапттармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.





«Әлеумет» білім дағдысы бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы,ұлттық бұрыштар ,ойындар,ыдыс-аяқтармен жабдықталған.

Балабақшада барлық топтардың баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік–кеңістіктік дамытушы ортаны қжетті құралдармен жасақталған.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш,үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады.
Жеке тұлғаны дамыту орталығы:
- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
- Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.
Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған.

Балабақшада және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге ЖШС «Растишка» балабақшасы қалалық білім бөлімінің 09.04.2021 жылғы №115 бұйрығына сәйкес келеді.

Кадрлар әлеуетіне талдау

Қазіргі уақытта ЖШС «Растишка» балабақшасында барлығы 10 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.
2022-2023 оқу жылында барлығы 10 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі ұйымның басшысы, меңгерушісі, Барлық топтың тәрбиешілері мен маман жетекшілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 100% құрайтыны анықталды.


Оның ішінде жоғары білімдісі – 6 педагог (60%)
Арнаулы орта білімдісі – 4 педагог (40%)
«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – (78%)

Жоғарғы санатты: - 0 (0%)
Бірінші санатты: - 0 (0%)
Екінші санатты: - 1 (10%)
Педагог-зерттеуші: - 0 (0%)
Педагог сарапшы -0 (0%)
Педагог-модератор: - 0 (0%)
Педагог санатты- 9 (90 %)
Біліктілік курсынан өткен педагогтар: «Өрлеу» - 2
Жаңартылған бағдарлама – жоқ
Басқа курстар – 4

Қазіргі таңда ЖШС «Растишка» - балабақшасында 7 тәрбиеші, 1 құрылтайшы, 1 музыка жетекшісі және 1 психолог маманы жұмыс жасайды.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагог тар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2020-2021	10	3(30%)	3(30%)	2(20%)	2 (20%)	-
2021-2022	10	3(25%)	4(35%)	2(20%)	2 (20%)	-
2022-2023	10	3 (45%)	3 (17%)	4 (38%)	0 (0%)	-



Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2020-2021	10	0	0	0	10 (100%)
2021-2022	10	0	0	0	10(100%)
2022-2023	10	0	0	3	7(70%)



Жоғары, бірінші, екінші, педагог-модератор санаты бар тәрбиешілердің саны- 0(0 %) Өткен жылдармен салыстырғандағы біліктілік санаттарының көрсеткіші:0 пайыз

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөледі.

Оқу жылдары	**Педагогтар саны**	**«Өрлеу» БАҰО**	**Басқа курстар**
2020-2021	10	2	4
2021-2022	10	0	3
2022-2023	10	10	6

ЖШС «Растишка» балабақшасында жыл сайын инклюзивті білім беру курстарына жіберіп, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырамыз жәнеде әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдісетемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және қалалық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰОІ-ін жариялау.

ЖШС «Растишка» балабақшасында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары,біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар қалалық, облыстық марапаттарға ие.





Балабақша әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

Балабақша әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды. Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

ЖШС «Растишка» балабақшасының басқару қызметін Утенова Адеми Рамазановна атқарады. Жалпы еңбек өтілі - 20 жыл, Осы аталған мекемеде 2018 жылдан бері жұмыс жасауда. Білімі – магистр: С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті.

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның

шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

Мектепке дейінгі ЖШС «Растишка» балабақшасында жалпы тізім бойынша – 141 бала. Балалардың құрамы 3-6 жас аралығын қамтиды, барлығы 5 топ. Топтардағы балалар санының орташы тығыздығы - 27 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Соңғы жылдардағы бала қатысымы:
2017 жыл - 56%
2018 жыл - 65%
2019 жыл – 54%
2020 жыл - 44%
2021 жыл – 65%
2022 жыл - 75 %

Тоқсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып қортындыланып отырады.Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Балабақшаның алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға койған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;

- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;
- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын, шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;

Коммуникативтік дағдырлары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

2020 – 2021 оқу жылының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 13.08.2020 ж. №345 бұйрығы, «Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепалды даярлық топтарында/сыныптарында тәрбие – білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар», сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік – нұсқау хаты» негізге алынып құрылды.

2020-2021 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ортаңғы топ- (2 қазақ,) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 72 сағат, орыс тобында - 90 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы қазақ тобында – 396 сағат, орыс тобында – 414 сағат.

Ересек топ – 2 (2 қазақ) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында - 90 сағат, , «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат.

Мектепалды даярлық тобы-2 (1 орыс,1 қазақ) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 180 сағат, орыс тобында – 216 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 612 сағат, орыс тобында – 648 сағат.

2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарының мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт талаптарына сәйкес құрылған.

Типтік оқыту жоспары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту негізгі ережелер 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №182 05.05.2020 ж.) негізінде,«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыз № 499 бұйрығы,«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (толықтырулар мен өзгерістер енгізілген №195 12.05.2020 ж.), сонымен қатар «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік-нұсқау хатын негізге ала отырып құрылды.

2021-2022 оқу жылының жүктеме сағаттары. Білім салалары бойынша

Ортаңғы топ-2 (2 қазақ) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» – 72 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 108 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады. Барлығы қазақ тобында – 396 сағат

Ересек топ- 2 (**2** қазақ) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 90 сағат, орыс тобында – 108 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 126 сағат, «Әлеумет» - 18 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 432 сағат, орыс тобында – 450 сағат.

Мектепалды даярлық тобы-2 (1 қазақ , 1 орыс тобы) «Денсаулық» - 108 сағат, «Қатынас» қазақ тобында – 180 сағат, «Таным» - 90 сағат, «Шығармашылық» - 180 сағат, «Әлеумет» - 54 сағатты құрады, барлығы қазақ тобында – 612 сағат,

МДҰ педагогтары адаптивті бағдарламаларды жасап өңдеді. Соңғы 3 жылдың ішінде тәрбиешілердің бейімделген **14** бағдарламасы

2020-2023 ж.ж. қалалық сараптау комиссиясымен бекітілген адаптивті бағдарламалар

№	Бағдарлама	Мақсаты
1	«We can speak English»	Мектеп жасына дейінгі балаларда шет тілін меңгерту және балаларда қарапайым өмірде қолдана алатын дағдыларға баулу.
2	«Мейірімділік пен әділдік мекені»	Мектепке дейінгі жастағы балаларды адалдыққа, әділдікке тәрбиелеу. Қасиетті қазақ топырағында өсіп-өніп келе жатқан ұл-қыздарымызды мемлекеттік қызметтің мағынасын, оның басты құндылықтарын – адалдықты, тұрақтылықты, Отанға қызмет етуді түсіндіру.
3	«Страна Добра и Справедливости»	Программы является – поиск и определение более эффективных путей формирования норм и правил поведения у детей дошкольного возраста.
4	«Ұлттық ойын – халық мұрасы»	**Ұлттық** ойындарының қалай қалыптасқандығы, оның атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырғандығы

		туралы мағлұмат беру.
5	«Бәрін білгім келеді»	Балалардың ойынға деген қызығушылық арттыру. Ойын әрекеті дағдыларын қалыптастыру.
6	«Кел, билейік»	мектеп жасына дейінгі балалардың би өнеріне деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру
7	«В гостях у сказки»	Актуализировать знания детей о русских-казахских народных сказках; - упражнять детей отгадывать загадки по содержанию знакомых сказок. - Развивать познавательную и речевую активность.
8	«Менің қауіпсіз әлемім»	Тұрмыстық құралдарды **қауіпсіз** қолданудың ережелерін есіңде сақта!
9	«Логика әлемі»	Айналадағы қоршаған ортамен таныстыра отырып, балалардың логикалық қабілеттерін, ой-өрісін дамыту.
10	Ойна да , ойла	Дидактикалық ойындарды қолдану және әзірлеу арқылы мектепке дейінгі жастағы балаларды қарапайым математикалық дағдыларын қалыптастыру
11	«Әсем бояулар»	мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін ... туған өлкенің көрнекі жерлері, **әсем** табиғаты, тарихи орындары туралы таңғажайып бейнелеу
12	«Ғажайып тастар сыры»	Қазақтың қасиетті топырағында Жер кіндігі аталып, шетелдіктердің қызығушылығын туғызған Үңгіртас мекенінің өзіндік **сыры** мен киесі бар.
13	«Туған жерім мақтанышым»	**Туған** елге туралы түсінігін кеңейту, оны сүйе білуге деген мақтаныш сезімін ояту.
14	«Сиқырлы логика әлемі»	Жас ерекшелігіне сай танымдық іс-әрекет дағдыларын меңгерген, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге үйрету

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Балабақша әдіскері, педагогтары мен психологы педагогтардың білімдері мен тәжірибелерін шыңдау мақсатында әр түрлі жұмыс түрлерін өткізуде. Олар: балабақша психологының ұйымдастыруымен өткен «Балалардың мектепке дайындығын талдау деңгейі» дөңгелек үстелі, «Мектепке дейінгі мекемеде ортаңғы топ балаларымен күннің I жартысын ұйымдастыру» тақырыбындағы тәрбиеші жас мамандарға кеңесі, психологтың педагогикалық кеңес барысындағы іскерлік ойындары, меңгеруші және педагогтармен «Педагог шығармашылық қабілетін қалай дамытады?», «Балаларды мектепке балабақшада даярлау» тақырыбында жүргізген әдістемелік отырыстары, тәрбиеші «Современные формы работы с родителями в детском саду» тақырыбындағы жас мамандарға арналған практикалық кеңесі, тәрбиеші «Развитие логики и математических способностей у детей» тақырыбындағы кеңесі, тәрбиеші. «Мектепке дейінгі білім беруде Сыни тұрғысында ойлау технологиясын тиімді пайдалану» шебер-классы, педагогикалық

кеңестерде көрсетілген «Балабақшадағы математикалық ойын түрлері», «Театр түрлері -баланың шығармашылығын дамытушы құрал», «Ересек мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс істеуде логикалық-математикалық дидактикалық ойындар», «Ұйымдастырылған оқу қызметіне үлгілік оқу бағдарламасы бойынша дайындалу, көрнекілік дайындау», «Речевое развитие дошкольников: проблемы, пути решения» атты жұмыс түрлері.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: мектепалды даярлық тобының балаларымен жүргізілген «Мен болашақ оқушымын» әңгімелесу сағаттары, «Білімнің бастауы балабақшада» мерекелік шарасы, музыка жетекшісі «Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту» ашық оқу қызметі, топ тәрбиешілері От – тілсіз жау», «Жаяу жүргінші нені білуі керек?», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Бөгде адаммен сөйлеспе», «Тұрмыстық жағдайдағы қауіпсіздік шараларын сақтау», «Улы өсімдіктен қалай сақтанамыз», «Дұрыс тамақтану - денсаулықтың негізі», «Көз жанарын қалай күтеміз?» сияқты балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптық сағаттар. «Елорда күні», «Рәміздер күні», «Ата Заңым – айбыным!», «Білім күні», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Ұстаз, сізге мың алғыс!», «Арайлы алтын күз», «Тұңғыш Президент күні», «Тәуелсіздік тұғырым», «Жарқыра, жаңа жыл!», «Алғыс айту күні», «8 наурыз – көктем мерекесі», «Наурыз, төрлет төріме!», «Күлкі күні», «Ғарышкер күні», «1 – мамыр бірлік пен ынтымақ күні», «Отан қорғаушылар күні», «9-мамыр Жеңіс күні», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері.

Аталған мерекелерге сәйкес балабақшада ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Ерте, ерте, ертеде...» ертегі қойылымдары жыл сайын байқау түрінде өткізіледі.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Екі жұлдыз» байқауы, «Астана күні», «Арайлы қалам, Ақтөбем!», «Төрлет, Наурыз, төріме!» мерекелері, «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбындағы жиналысы, «Біз спортты сүйеміз!» спорттық эстафетасы, «Ең әдемі шырша» байқауы.

ЖШС «Растишка» балабақшасының тәрбиеленушілерінің жетістіктері

№	Аты-жөні	Дәрежесі	Орталық атауы
1	Игілікова Жазира	II «Алтын күз-2022»	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
2	Марат Азамат	I «Алтын күз-	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

		2022»	«Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
3	Жұмабаев Санжар	I «Алтын күз-2022»	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
4	Ринатқызы Медина	II «Алтын күз-2022»	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
5	Назарова Аяназ	I «Тәуелсіздік ұрпақтары»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
6	Өмірбай Әлімжан	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
7	Ырғызбай Даулет	Бас жүлде «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
8	Бисембай Дарын	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
9	Амангелді Айым	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
10	Абылұлы Мухаммад	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
11	Амангелді Арлан	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
12	Назарова Сурет	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы

13	Жеткерген Мухаммад	I «Алтын күз-2022»	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
14	Надиркулова Айғаным	I «Алтын күз-2022	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
15	Амангелді Айым	II «Алтын күз-2022	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
16	Садық Бақдәулет	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
17	Базарбай Қанағат	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
18	Сағынтай Абылай	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
19	Қуаныш Әдия	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
20	Амангелді Бағлан	II «Бейнелеу өнері»	«Үміт» шығармашылық орталығы
21	Мамытбай Данияр	I «Алтын күз-2022	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті «Халықарылық педагогикалық шығармашылық пен ғылымның дамуын қолдау қоры» Қоғамдық қоры «Самғау» Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы
22	Амангелді Айым	II	Культурный центр «Жұбановтар әлемі»

		«Baby dance»	
23	Амангелді Айым	I «Хореография»	«Үміт» шығармашылық орталығы
24	Ершат Ислам	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
25	Ташмағамбет Аяла	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
26	Маратова Аянат	Бас жүлде «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
27	Тойболды Саламат	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
28	Тасболды Саламат	I «Алтын күз келді, бақшама»	Мәдениет оқу-өнер орталығы
29	Шынберген Қамбар	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы
30	Ташмағамбет Аяла	I «Тәуелсіздік ұрпақтары	Мәдениет оқу-өнер орталығы

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде.Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға, «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді.Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап,профилактикалық шаралар өткізіледі. Психологиялық кеңестер,тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді. «Балабақшаның ашық есік күні», «Әкеме ұқсағым келеді...» бейне-презентациялар, «Сезімді тыңдау» сауалнамасы, «Баланы тәрбиелеу – ортақ мақсатымыз!» психологиялық тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Топ тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі,ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып,сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен

қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», «Құммен сурет салу», «Кляксография», т.б. әдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа заман талабына сай баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, қалалық білім бөлімінің мектепке дейінгі бөлім әдістемелік кабинетімен бекітіп жұмыс жасауда.

«Рухани жаңғыру» бағарламасы аясында 2022-2023 оқу жылында жүргізілген іс- шара жоспары

№	Тақырыбы	Өтілу формасы	Мерзімі	Орындауға жауапты
1	«Сүйікті қалам-Ақтөбем!!!»	Көрме	Қыркүйек	Ортаңғы Ересек, топ тәрбиешілері
2	«Мен,елімнің болашағымын»	Тренинг	Қараша	Психолог
3	«Тәуелсіз ел - Қазақстан»	Ертеңгілік	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері музыка, би жетекшілері
4	«Жүзден жүйрік»	Қазақтың ұлттық ойындарын жаңғырту мақсатындағы спорттық сайыс	Қаңтар	Денешынық-тыру нұсқаушысы
5	«Шебер қолдар»	Ұлттық бұйымдардан көрме	Ақпан	Топ тәрбиешілері
6	«Ауылым алтын бесігім»	Ертеңгілік	Наурыз	Музыка,би жетекшілері
7	«Ал, кәнекей әжелер!»	Мерекелік кездесу,сайыс	Сәуір	Ересек топ тәрбиешісі, музыка,би жетекшілері
8	«Ханталапай»	Асық ойындарынан сайыс	Сәуір	Ересек топ тәрбиешісі

Балабақша педагог – психологы балаларды Отан сүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін бойына сіңіру мақсатында тәрбиленушілермен «Мен,елімнің болашағымын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Балаларға тәуелсіздікті насихаттау, Отан, туған жер, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Тәуелсіз ел -Қазақстан» тақырыбында концерттік бағдарлама өткізілді.

Қазақтың ұлттық ойындарын жаңғырту, балалардың қазақи ұлттық сана- сезімін ояту, ұлттық ойындарды жаңғырту мақсатында «Жүзден жүйрік» тақырыбында спорттық сайыс өткізілді.



Қазақтың ұлттық бұйымдарын жаңғырту, қазақтың салт-дәстүрін насихаттау мақсатында ұлттық бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды.

Ауылдың тарихын насихаттау ауыл тыныс-тіршілігін таныстыру, ауыл тұрғындарын бірлікке шақыру мақсатында «Ауылым алтын бесігім» атты концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Балалардың бойына әжелердің өсиет насихатын тыңдап өсуге, олардың немерелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру мақсатында «Ал, кәнекей әжелер!» тақырыбында мерекелік кездесу,сайыс ұйымдастырылды.



Қазақтың ұлттық ойындарының бірі Асық ойындарын жаңғырту мақсатында «Ханталапай» асық ойындарынан сайыс ұйымдастырылды.

«Рухани жаңғыру» бағарламасы аясында

«Рухани жаңғыру» бағдарлама
аясында 2020-2021 оқу жылында жүргізілген іс-шара жоспары

№	Тақырыбы	Өтілетін формасы	Мерзімі	Орындауға жауапты
1	«Отан отбасынан басталады»	Дөнгелек үстөл	Қыркүйек	Психолог
2	«Ана тілім анамның тілі»	Мәнерлеп оқу сайысы	Қыркүйек	Ортаңғы,ересек топ тәрбиешілері
3	«Қарты бар үйдің ,қазынасы бар»	Кеңейтілген оқу қызметі	Қазан	Ортаңғы топ тәрбиешісі
4	«Ойла да, ой қозға»	Интеллектуал ды сайыс	Ақпан	Психолог
5	«Әжем айтқан ертегі»	Қойылым	Наурыз	Топ тәрбиешілері, музыка,би жетекшілері
6	«Туған жердің табиғаты»	Көгалдандыру акциясы	Сәуір	Барлық топтар, қызметкерлер
7	«Ойын ойнап,би билеп»	Ұлттық ойындар мен билер қойылымы	Сәуір	Топ тәрбиешілері, музыка,би жетекшілері

Балабақша психологы балалардың бойына отбасы құндылықтарын сіңіру, отбасы мүшелерінің өз орнын сезіну, отбасы мүшелерін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында «Отан отбасынан басталады» атты тренинг өткізді.

Қазақ тілін құрметтеу, ана тілінде дұрыс, анық сөйлеуге дағдыландыру мақсатында «Ана тілім анамның тілі» атты мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Балалардың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенді, қарттарды сыйлау, салт- дәстүрді ұстана отырып, аталы сөздерден ғибрат алуға тәрбиелеу мақсатында «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» атты Кеңейтілген оқу қызметі өткізілді

.

Балалардың танымдық ойлауын арттыру, АКТ технологиясын пайдалана отырып, Ұлттық ойындар сайысы «Ойла да, ой қозға» тақырыбында өткізілді.

Қазақтың халық ауыз әдебиетінен атадан балаға ерте заманнан бүгінгі күнге дейін келе жатқан асыл мұрасын балалардың бойына сіңдіру мақсатында «Әжем айтқан ертегі» тақырыбында әжелердің әңгімесінен қойылым ұйымдастырылды.

Ата-аналарды балабақшаның көгалдандыру жұмыстарына тарту және балалардың өсімдіктерге қамқоршылық сезімдерін арттыру, еңбексүйгіштікке баулу мақсатында «Туған жердің табиғаты» тақырыбында көгалдандыру акциясы жұмыстары жүргізілді.



Балалардың қазақтың ұлттық ойындарын ойната отырып, би қимылдарын көрсете білуге, ұлттық ойынға, ұлттық биге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Ойын ойнап,би билеп» Ұлттық ойындар мен билер қойылымы өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарлама аясында
2021-2022 оқу жылында жүргізілетін іс-шара жоспары

№	Тақырыбы	Өтілу формасы	Мерзімі	Орындауға жауапты
1	«Сүйем туған	Мәнерлеп оқу	Қыркүйек	Ортыңғы,ересек

	тілімді»	сайысы		топ тәрбиешілері
2	«Білекті бірді жығады»	Қол күрес сайысы	Қараша	Денешынықтыру маманы
3	«Тұғыры биік - Тәуелсіздік»	Тәуелсіздіктің 30 жылдығына ертеңгілік, көрме	Желтоқсан	Ересек топ тәрбиешілері, музыка,би жетекшілері
4	«Үйрен де, жирен»	Мақал,мәтелдер сайысы	Қаңтар	Топ тәрбиешілері
5	«Топ жарған»	Спорттық сайыс	Ақпан	Денешынықтыру нұсқаушысы
6	«Наурыз ұлттық дәстүрім»	Қойылым	Наурыз	Топ тәрбиешілері, музыка,би жетекшілері
7	«Бұл менің туған жерім»	Көкалдандыру акциясы	Сәуір	Педогогтар,ата аналар
8	«Елін қорғаған батырлар ұрпағымыз»	Ертеңгілік	Мамыр	Ересек топ тәрбиешілері, музыка,би жетекшілері

Балалаларды Мемлекеттік тілге, яғни Ана тіліне деген сүйіспеншіліктерін ояту, өз ана тіліне деген құрметін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына деген сүйіспеншілігн ояту мақсатында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.

Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балаларға қазақтың салт- дәстүрн, әдеп-ғұрпын туған елге, жерге деген сүйіспеншілігн арттыру мақсатында ұлттық ойындарының бірі қол күрестен «Білекті бірді жығады» тақырыбында сайыс ұйымдастырылды.

Тәуелсіздік күніне орай «Тұғыры биік - Тәуелсіздік» тақырыбында шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды, ертеңгілік өткізілді.

Қазақтың мақал- мәтелдерінінң тәрбиелік мәнін түсіне отырып, жатқа айта білуге үйрете отырп, баланың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіріп өсуіне ықпал ету мақсатында «Үйрен де, жирен» мақал-мәтелдер сайысы

ұйымдастырылды

Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген.



2020 жылдың наурызынан бастап карантиндік шараларға байланысты мектеппен байланыс құруда мектепке бара алмағандықтан, мектеппен сабақтастық онлайн режимінде(видео конференция, видео экскурсия) ұйымдастырылды. Мектеп мұғалімдері(алгоритмді сақтай отырып) балабақшаға шақырылып, мектепалды даярлық тобының балаларына мектеп туралы мәлімметтер беріп мектеп оқулықтарын, суретті кітаптар, балаларға арналған журналдар әкеліп таныстырды.

Мектеппен балабақша арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын нығайта отырып, өзара байланысты бірлескен білім беру ұйымының нәтижелі жұмыстары жүргізілді.

Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікір талас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған.

Балабақшадағы ашық сабақтар, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген. Сонымен қатар игі істер акциясы да ұйымдастылып отырады.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптасытыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған. Дене шынықтыру нұсқаушысы осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып спорттық сайыстар: «Спорт көркі өмірдің, спорт досың серігің», «Спорт сүйгіш жанұя», «Барлық бала білсін, оттан аулақ жүрсін», «Балалар денсаулығы, ұлт денсаулығы», «Алақай,қыс келді!», «Менің әкем мықты»,«Көңілді балдырғандар жарысы» атты, жас мамандармен «Жас өрт сөндірушілер» тақырыбында эстафеталық жарыстар өткізілді.

Музыка жетекшісі тәрбиешілермен бірлесіп көрсеткен ертеңгіліктері, іс-шаралары өте қызықты,сапалы өтіп, әр ата-ананың көңілінен шыға білді. Карантиндік шараларға байланысты ата-аналармен онлайн форматта түрлі іс-шаралар, байқаулар өткізілді. Балалардың ән айту қабілеттерін дамыту үшін дауысты дыбыстарды және тыныс алу жаттығуларын қолданып, музыкалық жанрды ажыратуын жақсы меңгергертіп, музыкалық-қимылды ойындарға қызыға араластыру арқылы шығармашылықтарын арттырды.

Мектепке дейінгі мекемеде «Мәңгілік Ел» идеясын насихаттауда өскелең ұрпақ тәрбиесіне аса мән берілген. Осы тұғырлы идеяны қалыптастыру үшін ең алдымен ұлағатты тәрбие мен сапалы білімнің қажеттілігі анық көрсетіледі. Мектепке дейінгі білім беруде жас ұрпақтың бойына сіңіретін тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделе жүргізілді.

Балабақшамыздың орта, ересек, мектепке даярлық топтарында ұдайы мәңгілік ел рухани жаңғыру идеясы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады. Әр дүйсенбі күндері гимнді орындап, Тәуелсіздік, достық, отан қорғаушылар мерекелері де гимнмен басталып рәміздер туралы мәліметтер еске салынып отырады. Жыл бойы осы бағыттағы жұмыстар жүргізіліп іс шаралар жалғасын табуда. «Тәуелсіздік ел тірегі», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Күн дидарлы Қазақстан» «Елбасы елдің тірегі-жас ұрпақ оның жүрегі» тақырыптарында мерекелік шаралар өткізіліп, «Ынтымағы жарасқан туған өлкем», «Менің сүйікті қалам» «Гүлдене бер, туған өлкем!» тақырыптарында сурет байқаулар ұйымдастырылды. Балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүюге, ұлтжандылыққа, ерлікке баулу. Ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылдық мерекесіне орай М.Мақатаевтың 90 жылдығына «Отбасымен музыка әлеміне саяхат», М.Мақатаевтың шығармаларынан педагогтар арасында жыр мүшайрасы, достық пен ынтымақ мерекесіне «Қазақстан бірлік пен татулықтың мекені», «Сарбазбын мен айбынды» Отан қорғаушылар күні «Ұрпақтар ұмытпайтын ұлы жеңіс» ұлы жеңіс күні, «Көркейе бер балабақшам» тақырыптарында 30 іс - шаралар жоспарланып өткізілуде

Балабақшада «Өнерліге өріс кең» Өлкетану бұрышын жасақталып, тәрбиеленушілермен «Балалар әдебиеті» жылы аясында ұлы тұлғаларды насихаттап, «Балалар әдебиетінің майталмандары» кітап қоры,табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру мақсатында эклолгия жылына орай «Балабақша жағдайындағы экологиялық тәрбие негіздері» тақырыбында табиғат бұрышы жабдықталды.

Балалардың білімін бағалау

Мектепке дейінгі ұйымның басшылық қызметін Утенова Адеми Рамазановна атқарады. Жоғары білімі бар, ,жалпы өтілі-20 жыл, осы ұйымда 2018 жылдан бастап жұмыс жасайды. Меңгеруші педагогикалық ұжымның жұмысын басқарады, медициналық, қызмет көрсету персоналының жұмысын ұйымдастырады. Өз жұмысында ОТП бақылауға алады, циклограммаларды, педагогикалық жұмысты талдау бойынша жадынамаларды қолданады.

Педагогикалық жұмысының мониторингі ұжымның қызметін бақылауға, ұжым алдында көптеген міндеттерді қарастыруға, бөлуге, өз көмекшілеріне міндеттерді жүктеуге, әріптестердің жұмыс тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша басқару қызметінің сапасы артады.

Барлық педагогтардың, меңгерушінің өзара іс-әрекетке қатысу дәптерлері бар, ұсыныстар мен пікірлер жазылып таныстырылған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әр жыл сайын жоспарланып өткізілген,материалдары жинақталған.

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 3 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды деңгейі	2017-2018	2018-2019	2019-2020	2020-2021
1	I деңгей	15 %	6 %	16%	13,5 %
2	II деңгей	29 %	22%	29%	24 %
3	III деңгей	56 %	72%	55%	62,5 %

Ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі,барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінін, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады**.**

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
1-қосымшасы

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	95 - 99 %	4
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	95 - 99 %	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	95 - 99 %	4
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	95 - 99 %	4
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95 - 99 %	4
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	95 - 99 %	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	95 - 99 %	4

3	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	80 % -дан 100% -ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	80 %-дан100% - ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдыңжасалу деңгейіне қанағаттанған	5

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.

2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.

3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілсін.

4.Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.

5. Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік-дамытушы ортаны,табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.

6.Ата-аналар мен педагогтар арасында жүйелі түрде сауалнамалар өткізіліп тұрсын.

7. Дене шынықтыру ҰОҚ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.

5.Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия ЖШС «Растишка» балабақшасында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. ЖШС «Растишка» балабақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

ЖШС «Растишка» балабақшасының директоры: А.Р.Утенова

ЖШС «Растишка» балабақшасының тәрбиешісі: Ұ.Т.Айтжанова

ЖШС «Растишка» балабақшасының музыка жетекшісі: А.А.Сыдықова

Хатшы: Ж.Б.Мақташова